

«№28 орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысының хаттамасы

Күні: 12.12.2025т.

Қатысқандар – 14

Қатыспағандар – 3

Күн тәртібі:

1. Мектеп директорының материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша қаражат жұмсау есебі.
2. Жаңа жылдық іс-шаралар мен қысқы демалысты ұйымдастыруға көмек көрсету.
3. Ыстық тамақ сапасын ұйымдастыру және бақылау.

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ш.У.Баядилова баяндады.

2025 жылы мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оқу кабинеттері заманауи талаптарға сәйкестендіріліп, пәндік кабинеттер қажетті оқу-әдістемелік құралдармен және жиһаздармен жабдықталды.

Оқу процесін қамтамасыз ету үшін интерактивті тақталар, проекторлар, принтерлер және өзге де техникалық құралдар сатып алынды, кітапхана қоры жаңа оқулықтармен және қосымша әдебиеттермен толықтырылды. Мектеп ғимаратында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жарықтандыру жүйесі ретке келтірілді, қауіпсіздік талаптарына сай шаралар қабылданды.

Аталған жұмыстар жергілікті бюджет жүзеге асырылды.

№	Наименование	Сумма	№	Наименование	Сумма
1	Инструменты для кабинета труда мальчиков	118804 тг.	18	Мебель для 5-ти кабинетов	1300000 тг.
2	Комплекс игровой для занятий логопеда, дефектолога с детьми	28990 тг.	19	Пластиковое ограждение	610000 тг.
3	Комплекс игровой для занятий психолога с детьми	148456 тг.	20	Сушилка для рук сенсорная	109990
4	Музыкальный звонок	717000 тг.	21	Флаг уличный 4 штуки	39872 тг.
5	Изготовление и установка жалюзи	1560000 тг.	22	Лед экран 3+4	1607140 тг.
6	Текущий ремонт актового зала	4888999 тг.	23	Интерактивная панель 5 шт.	5999840 тг.
7	Текущий ремонт столовой	2105472 тг.	24	Сковорода электрическая	1102080 тг.
8	Изготовление и установка стенов	1964000 тг.	25	Парты и стулья в комплекте -60	5671680 тг.
9	Шкафы для одежды детей, мебель бухгалтерии	3638880 тг.	26	Винтовка	99000 тг.
10	Шахматный стол 3 шт. с пуфиками	650720 тг.	27	Автомат Калашникова	208000 тг.
11	Текущий ремонт 5-ти кабинетов	1910000 тг.	28	Моноблок 2 шт.	1005999 тг.
12	Диспансер для туалетной бумаги	37770 тг.	29	Кресло учителя	53760 тг.
13	Плательный шкаф	67200 тг.	30	Стол и стулья	207200 тг.
14	Доска маркерная	99334 тг.	31	Аппарат для воды	40000 тг.
15	Перфоратор	38752 тг.	32	Цветной принтер	294998 тг.
16	Пила, рубанок	56900 тг.	33	МФУ	210998 тг.
17	Шкаф, стеллаж для кабинета технологии	478240 тг.	34	-	

Екінші мәселе бойынша тәрбие жөніндегі орынбасары Г.К. Тюлюкбаева және Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.К. Елемесова 2025–2026 оқу жылы аясында Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларды ұйымдастыру туралы ақпарат ұсынды. Онда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш, орта және жоғары сыныптар үшін жаңа жылдық ертеңгіліктер, мерекелік кештер, шығармашылық қойылымдар, тақырыптық тәрбие сағаттары мен мектеп аумағын мерекелік безендіру жұмыстары жоспарланғаны айтылды.

Іс-шараларды өткізу барысында санитарлық талаптар мен қауіпсіздік ережелерін сақтау, ата-аналармен өзара байланыс орнату және жауапты педагогтерді бекіту мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға мерекелік сыйлықтар дайындау ұсынысы енгізілді.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.Е. Ерболатова мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру және оның сапасын бақылау жөнінде ақпарат берді. Тамақтандыру ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена талаптарын сақтай отырып жүргізіледі. ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы №131/2020 бұйрығына сәйкес оқушыларға тамақ дайындауға тек дені сау қызметкерлер жіберіледі.

Ақтөбе облысы білім басқармасы бекіткен 4 апталық ас мәзіріне сәйкес 1–4 сынып оқушылары мен жекелеген санаттағы білім алушылар тегін ыстық тамақпен қамтылған. Барлығы 1–4 сыныпта 428 оқушы, 5–11 сыныпта 49 оқушы ыстық тамақ алады. Тегін тамақ әлеуметтік осал санаттағы 49 оқушыға ұсынылған.

Қалған оқушылар үшін санитарлық талаптарға сай ақылы буфет жұмыс істейді. Жеңілдікті және тегін тамақтандыруды есепке алу мақсатында автоматтандырылған жүйені енгізу жоспарлануда, қазіргі уақытта әлеуметтік әмиян жүйесі қолданылуда.

Жаңа оқу жылынан бастап оқушылар жаңартылған, денсаулыққа пайдалы ас мәзірімен тамақтанатын болады.

Қаулы:

1. 2025 жылы мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынып, білім беру процесін қамтамасыз ету үшін материалдық базаны одан әрі жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Мектепте Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларды бекітілген жоспарға сәйкес, белгіленген мерзімде өткізілсін. Жаңа жыл мерекесіне орай санатты оқушыларға мерекелік сыйлықтар дайындалып табысталсын.
3. Білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету ісін бекітілген ас мәзіріне және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес тұрақты түрде ұйымдастыру және бақылау қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы _____

А.К.Елемесова

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы _____

Г.К.Тюлюкбаева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Н.Н.Салимов _____
2. Қ.Т.Торегали _____
3. М.Ш.Хангереева _____
4. Б.К.Сәрсенбина _____
5. С.С.Раимкулова _____
6. Саин Арнур _____
7. А.Ш.Жумағалиева _____
8. Е.И.Шеленко _____

9. Б.Б.Есентаева _____
10. Н.В.Раздольская _____
11. М.А.Бекжанова _____
12. М.Ф.Тарабекова _____
13. Д.А.Нерезко _____